

## Банктік емес сектордың 2009 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 26 ұйым, оның ішінде 10 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы Наименование организаций	1.01.2009	1.04.2009*)
1	Ипотекалық ұйымдар	12	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	22	16
	<b>Жиынтығы</b>	<b>34</b>	<b>26</b>


### Ипотекалық ұйымдар

**Активтер.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 102 243,6 млн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың басынан бастап 52,4%-ға (112 334,2 млн. теңгеге) төмендеді.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 90,5%-ды (92 510,8 млн. теңгені) құрап отыр, ал басқа банктерде орналастырылған салымдарға 0,3% (304,5 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 1,1% (1 152,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 2,1% (2 134 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	1.01.2009		1.04.2009		Өсім, %-бен
	млн. теңге	жиынтығын да %-бен	млн. теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	1 736,0	0,8	956,2	0,9	-44,9
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	2 134,0	2,1	-75,7
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 152,6	1,1	-90,8
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	304,5	0,3	-96,1
«Кері РЕПО» операциясы	4 688,0	2,2	0	-	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	92 510,8	90,5	-44,2
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 298,5	1,3	-68,5
Басқа активтер	9 224,8	4,3	3 887,0	3,8	-57,9
<b>Барлығы активтер</b>	<b>214 577,8</b>	<b>100</b>	<b>102 243,6</b>	<b>100</b>	<b>-52,4</b>

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



1.04.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




**Кредиттік портфель.** Ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 45,7%-ға (77 874 млн. теңгеге) азайып, 92 510,8 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалып тұр, сонымен, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 86,7%, ал 2009 жылғы 1 сәуірде 67,3% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5%-дан 29,8%-ға дейін көбейді. Дәлірек айтсақ, үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 сәуірде 3%-ды құрады. Үмітсіз заемдардың сомасы абсолюттік мәнінде ағымдағы жылдың басында 1 307,2 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2009		1.04.2009	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
<b>Несие портфелі барлығы</b>	<b>170 384,8</b>	<b>100</b>	<b>92 510,8</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>147 759,7</b>	<b>86,7</b>	<b>62 226,0</b>	<b>67,3</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>21 200,6</b>	<b>12,5</b>	<b>27 553,1</b>	<b>29,8</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	8 368,7	9,0
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	6 093,7	6,6
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	90,5	0,1
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	6 275,1	6,8
<i>5 санатты күмәнді</i>	2 702,0	1,6	6 725,1	7,3
<b>Үмітсіз</b>	<b>1 424,5</b>	<b>0,8</b>	<b>2 731,7</b>	<b>3,0</b>

**Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен**




Ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 98%-ды құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 64,8%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 32,7% «ҚазИпотека» ипотекалық ұйымы» АҚ - 0,5%.

**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 84 438,9 млн. теңгеге немесе 52%-ға азайып, 2009 жылғы 1

сәуірдегі жағдай бойынша 77 938,5 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (38,6%-ға) және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (58,6%-ға) басым болды.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.04.09		Өсім %-бен
	млн. теңге	жиынтығы %-бен	млн. теңге	жиынтығы %-бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	52 688,1	32,4	45 671,6	58,6	-13,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	30 061,7	38,6	-62,9
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	1 070,1	1,4	-20,3
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	1 135,1	1,4	-95,9
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>162 377,4</b>	<b>100</b>	<b>77 938,5</b>	<b>100</b>	<b>-52,0</b>

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



- ▣ Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
- ▣ ЕДБ мен б/о жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар
- ▣ Басқа кредиторлар
- ▣ Басқалары


1.04.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



**Кірістілік.** Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 3,1 млн. теңге мөлшерінде шығын шығарды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 10 198,5 млн. теңге (2008 жылғы 1 сәуірде – 9 089 млн. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 10 201,6 млн. теңге (2008 жылғы 1 сәуірде – 8 674,2 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен Доходность ипотечных организаций, в млн. теңге	1.04.2008	1.04.2009	Өсім %-бен Прирост, в %
Сыйақы алумен байланысты кірістер	6 039,9	3 229,0	-46,5
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	4 092,7	1 913,6	-53,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 049,1	6 969,5	2,3 есе
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	4 581,5	8 288,0	1,8 есе

### Ипотекалық ұйымдар кірістілігінің динамикасы, млн. теңгемен



Пайыздық кірістер құрылымында қайта бағалаудан түскен кірісті алуға байланысты кірістер (39,5% немесе 4 025,6 млн. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында қамтамасыз етуге қаржыны бөлу (49,5% немесе 5 045,7 млн. теңге) ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 24 305,1 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштерден 53,4%-ға (27 895,4 млн. теңге) аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	1.01.09	1.04.09
Жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	20 658,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	20 116,7
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (K1>=0,12)	0,249	0,197

### Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

**Активтер.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы деректермен салыстырғанда 93,4%-ға азайып, 325 447,3 млн. теңгені құрады.

Ұйымдар активтерінің ең көп үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 33%-ды (107 241,2 млн. теңгені), дебиторлық берешек - 16,1% (52 206,7 млн. теңгені), қолма-қол ақша мен ақшалай баламасы - 5,4% (17 702 млн. теңгені) құрап отыр.

Жиынтық активтерінің құрылымы, млн. теңгемен	1.01.2009	жиынтығында %-бен	1.04.2009	жиынтығында %-бен	Өсім, %-бен
<b>Активтер, оның ішінде:</b>	<b>4 956 627,6</b>	-	<b>325 447,3</b>	-	<b>-93,4</b>
Қолма-қол ақша мен ақшалай баламасы	180 550,6	3,6	17 702,0	5,4	-90,2
Орналасырылған салымдар	991 761,7	20,0	6 892,9	2,1	-99,3
Бағалы қағаздар	26 324,2	0,5	11 383,3	3,5	-56,8
Клиенттерге берілген заемдар	373 487,2	7,5	107 241,2	33,0	-71,3
Басқа заңды тұлғалар капиталына салынған инвестициялар	3 130 322,1	63,2	13 382,8	4,1	-99,6
Дебиторлық берешек	83 242,0	1,7	52 206,7	16,1	-37,3
Басқа активтер	170 939,8	3,5	116 638,4	35,8	-31,8

**Міндеттемелер.** Ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері есепті күнге 73,1%-ға азайып, 188 368,1 млн. теңгені құрады. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымында ең көп үлесті заемдар мен қаржылық жалдау 65%-ды (122 444,4 млн. теңгені) құрап отыр.

Жиынтық міндеттемелерінің құрылымы, млн. теңгемен	1.01.2009	жиынтығында %-бен	1.04.2009	жиынтығында %-бен	Өсім, %-бен
<b>Міндеттемелер, оның ішінде:</b>	<b>700 176,5</b>	-	<b>188 368,1</b>	-	<b>-73,1</b>
Тартылған салымдар	7 026,6	1,0	8 185,5	4,4	16,5
Заемдар мен қаржылық жалдау	581 653,2	83,1	122 444,4	65,0	-78,9
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20 800,4	3,0	20 424,4	10,8	-1,8
Кредиторлық берешек	31 117,4	4,4	13 185,4	7,0	-57,6
Басқа міндеттемелер	59 578,9	8,5	24 128,4	12,8	-59,5

**Кредиттік портфель.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жиынтық несие портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 76,7%, күмәнді – 20,7% және үмітсіз кредиттердің үлесі 2,6%-ды құрады, ал 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салыстырғанда стандартты кредиттердің үлесі 94%-ды, күмәнді – 5,2%-ды, үмітсіз – 0,8%-ды құраған, (77 874 млн. теңгеге) азайып, 92 510,8 млн. теңгені құраған.

**Капитал.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар капиталының жиынтық көлемі ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректерлерімен салыстырғанда 4 119 371,9 млн. теңгеге (96,8%-ға) азайып, 137 079,2 млн. теңгені құрады.

(млн. теңге)

	1.01.2009	жиынтығында %-бен	1.04.2009	жиынтығында %-бен	Өсім, %-бен
<b>Капитал</b>	<b>4 256 451,1</b>	-	<b>137 079,2</b>	-	<b>-96,8</b>
Жарғылық капитал	3 829 174,6	90,0	135 308,6	98,7	-96,5
Бөлінбеген таза пайда (орны толтырылмаған шығын)	421 509,1	9,9	-5 564,0	-4,1	-

\*) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және "Қазақстан инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 135-IV Заңымен 2009 жылғы 21 ақпаннан бастап мына ұйымдар лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

«Оңалту» АҚ;

«Қаржы орталығы» АҚ;

«Достық Энерго» АҚ;

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ;

«Қазақстан ипотекалық компания» АҚ;

«ҚҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйымы» АҚ-ның 2009 жылғы 29 қаңтардан бастап №19 лицензияның қолданылуы тоқтатылды

«Тимей» ФПК-ның 2009 жылғы 07 сәуірден бастап №111 лицензияның қолданылуы тоқтатылды.